



---

**«Білім туралы құжаттарды тану және  
нострификациялау» мемлекеттік  
қызмет стандарты**

---

## **«Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау» мемлекеттік қызмет стандарты**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
күші жойылған кейбір шешімдерінің тізімі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2012 жылғы «31» тамыз  
№ 1119 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
күші жойылған кейбір шешімдерінің тізімі

1. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 561 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 140 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., №19, 148-құжат).
2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 140 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 10 маусымдағы № 550 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 37, 321-құжат).
3. «Мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 336 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 28, 350-құжат).
4. «Ішкі көшіп-конушыларды тіркеу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1427 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 16-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 5, 93-құжат).

---

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2012 жылғы «\_\_\_»  
№\_\_\_ қаулысымен бекітілген

## **«Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау» мемлекеттік қызмет стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. «Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 16/1, 4-кабат мекенжайында орналасқан Ұлттық аккредиттеу орталығы (бұдан әрі – Орталық) көрсетеді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (бұдан әрі – Комитет) уәкілетті орган болып табылады. Комитеттің мекенжайы: Астана қаласы, Сол жағалау, Орынбор көшесі, 8-үй, Министрліктер үйі, 11-ші кіреберіс.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңының 39-бабы 4-тармағының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығымен бекітілген Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау ережесінің негізінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі туралы толық ақпарат комитеттің ресми сайтында ([www.educontrol.kz](http://www.educontrol.kz)) және орталықтың сайтында ([www.nac.edu.kz](http://www.nac.edu.kz)) орналасқан, телефондар: 8 (7172) 74-24-29, 73-17-43, 73-17-44, 73-17-40

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі қағаз жеткізгіште білім туралы құжаттарды тану/нострификациялау туралы куәлік не қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелденген жазбаша түрде жауап болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттары бар жеке тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушылар), сондай-ақ өз қызметкерлерінің құжаттарын тану/нострификациялау рәсіміне ұсынатын заңды тұлғаларға (білім беру ұйымдарына) көрсетіледі.

#### **7. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімі:**

1) мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап — 4 ай;

2) мемлекеттік қызметті алуға арналған құжаттар пакетін тапсыруға ниеттенген мемлекеттік қызметті алушының күту уақытының барынша ұзақтығы – 30 минут, құжаттарды тапсырғанын растайтын анықтаманы алу уақытының барынша ұзақтығы – 30 минут.

3) мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызметті алушы өтініш жасаған күні сол жерде көрсетілетін қызмет көрсету үшін рұқсат етілетін ең көп уақыт – 20 минут, білім беру ұйымдары мен жұмыс берушілерден ұжымдық түрде құжаттар тапсыру кезінде — 1 сағат.

**8. Мемлекеттік қызмет ақылы түрде көрсетіледі.** Көрсетілген мемлекеттік қызмет үшін ақы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен бағалар прејскурантына сәйкес алынады, онда жүргізілетін рәсімнің – білім туралы құжаттарды автоматты түрде танылуынан бастап, штаттан тыс сарапшыларды тарта отырып, құжаттардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігін сараптауды қамтитын нострификациялау (баламалылық) рәсіміне дейінгі – күрделілік деңгейі көрсетілген. Ақы төлеу – қолма-қол ақшасыз жүргізіледі.

#### **Банктік деректемелер:**

ҚР БҒМ «ҰАО» РМҚК

СТН 620200256368

БСН 050640004360

ЖСК KZ17998ВТВ0000002884

«Цеснабанк» АҚ астаналық филиалы

БСК TSES KZ KA, Кбе 16

Түбіртек нысаны ақы төлеу жүргізілетін банктің қалауы бойынша белгіленеді. Жеделдетіп қызмет көрсету көзделмеген.

9. Құжаттарды қабылдау Орталықта демалыс және мереке күндерін қоспағанда дүйсенбі мен бейсенбі аралығында сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады, анықтамалар құжаттар қабылданған күні 18.00-ден 18.30-ға дейін беріледі.

Куәліктер демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын 09.00-ден 18.00-ға дейін (үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін) беріледі.

Алдын ала жазылу немесе қызметті жедел ресімдеу жүргізілмейді.

10. Құжаттарды қабылдау орталықтың арнайы кеңсесінде жүргізіледі. Қажетті құжаттардың тізбесі, құжаттар мен өтініштердің үлгілері, жұмыс уақытының кестесі ілінген ақпараттық стэнд бар. Дене мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін ғимаратта пандус пен лифт көзделген.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі**

11. Аталған мемлекеттік қызметті көрсету үшін мемлекеттік қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім туралы құжаттарды тану/нострификациялау туралы өтініш;
- 2) білім туралы құжаттың түпнұсқасы (салыстыру үшін, қайтарылуға жатады);
- 3) білім туралы құжатқа: өткен оқу пәндері мен практикалардың сағат көлемі (бар болған жағдайда), қорытынды бағалары, курстық және бітіру кезіндегі біліктілік жұмыстары туралы, оқу үдерісін құрайтын басқа да ақпараты бар қосымшаның түпнұсқасы (салыстыру үшін, қайтарылуға жатады);
- 4) білім туралы құжаттың және оған қосымшаның нотариалды куәландырылған көшірмесі (қажет болған жағдайда мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен).

Құжат көшірмесі мен аударманы куәландыруды Қазақстан Республикасының аумағында нотариус немесе құжат берілген елдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет органдары жүзеге асырады. Жекелеген жағдайларда (мысалы, прецедент бойынша тану белгіленген жағдайда) құжат берілген мемлекеттің Қазақстандағы дипломатиялық қызмет органдары жасаған аударма ұсынылуы мүмкін;

5) білім туралы құжат иесінің жеке басын растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі (қажет болған жағдайда мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен). Егер құжат иесі білім туралы құжатты алғаннан кейін тегін/атын/әкесінің атын өзгерткен жағдайда, растайтын құжатты ұсынуы қажет (неке туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі).

6) оқу орнының мөрімен расталған негізгі орта, жалпы орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардан басқа білім туралы құжатты берген оқу орнын аккредиттеу туралы куәліктің және/немесе лицензияның көшірмесі (қажет болған жағдайда мемлекеттік және/немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен). Егер лицензия мен оқу орнының аккредиттелгені туралы куәліктердің көшірмесі болмаған жағдайда білім туралы құжатты берген білім беру ұйымы туралы (сайтына немесе басқа да ақпарат көздеріне сілтеме жасай отырып) ақпарат ұсынуы қажет.

7) төлем туралы түбіртек.

Білім беру ұйымдары берген осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға апостиль қойылуы немесе заң жүзінде мойындалған болуы тиіс, не мемлекеттік қызметті алушы оқу орнынан өзінің оқығанын растайтын мұрағаттық анықтама тапсыруы қажет.

### **Жеңілдіктер көзделмеген.**

12. Білім туралы құжаттарды тану/нострификациялау туралы өтініштердің үлгілері Орталықтың [www.nac.edu.kz](http://www.nac.edu.kz) сайтына орналастырылған.

13. Белгіленген нысан бойынша толтырылған өтініштің бланкісі осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттар тізбесінің барлығымен бірге мына мекенжайда орналасқан Орталыққа тапсырылады: Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 16/1, 4-қабат.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттардың тапсырылғанын Орталық берген құжаттарды қабылдаған күні көрсетілген анықтама растайды.

15. Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау туралы куәлікті алу үшін мемлекеттік қызметті алушының немесе мемлекеттік қызметті алушының сенімхатымен уәкілеттік берілген адамдардың жеке келуі талап етіледі.

16. Мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тартуға:

- 1) осы стандарттың 11 тармағында көрсетілген құжаттар пакетінің толық ұсынылмауы;
- 2) мемлекеттік қызметті алушының білім беру ұйымында оқығаны туралы фактінің расталмауы негіз болып табылады.

Соңғы жағдайда Орталық аталған фактіні заңнамада белгіленген тәртіпте шешім қабылдайтын Комитеттің назарына жеткізеді.

Егер білім алған елдің білім беру құрауышы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының құрауышына сәйкес келмесе (айырма 35%-дан асса), Орталық мемлекеттік қызметті алушыны тестілеуден өту үшін тиісті білім беру ұйымына жібереді. Нәтижесі оң болған жағдайда, мемлекеттік қызметті алушының нострификацияға тапсырған құжаттары Орталықтың сараптау комиссиясының қарауына жіберіледі, керісінше жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартыла отырып, құжаттар пакеті иесіне қайтарылады.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

17. Орталық мемлекеттік қызметті көрсету кезінде:

- 1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- 2) қызметтік парызды атқару барысында заңдылықты сақтау;
- 3) жан-жақты және толық ақпарат беру;
- 4) сыпайылық;
- 5) мемлекеттік қызметті алушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттың қорғалуын, сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартылған жағдайда құжаттардың қайтарылуына кепілдік беру қағидаттарын ұстанады.

#### 4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызметті алушыларға мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелері осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік қызметті көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе өзге де субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тиісті бұйрығымен бекітіледі.

#### 5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті орган қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымданудың тәртібін түсіндіру және шағымды дайындауға жәрдем көрсету үшін, осы стандарттың 3-қосымшасында байланыс деректері көрсетілген, Комитеттің жауапты тұлғаларына жүгінуге болады.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелеріне наразылық болған жағдайда шағым Комитетке жолданады.

22. Қызметтер дұрыс көрсетілмеген жағдайларда шағым кеңсе арқылы Комитетке беріледі (843- кабинет, байланыс телефоны: (87172- 74-23-77) және заңнамада белгіленген мерзімде қаралады. Жұмыс кестесі: демалыс және мереке күндерін қоспағанда, 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Шағым берілген кезде (көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасына наразылығы, көрсетілген қызметтің нәтижесімен келіспеу, қызметтің дұрыс көрсетілмеуі) мемлекеттік қызметті алушының жазбаша өтініші қажет.

25. Қабылданған шағымдар Комитеттің кіріс хат-хабарлар журналында тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңда белгіленген мерзім ішінде қарастырылады. Мемлекеттік қызметті алушыға қабылдау мерзімі мен уақыты көрсетілген, қабылдаған қызметкердің аты-жөні жазылған талон беріледі.

Шағымды қарастыру нәтижелері туралы мемлекеттік қызметті алушыға жазбаша түрде пошта арқылы хабарланады.

---

«Білім беру туралы құжаттарды тапу және нострификациялау» мемлекеттік қызмет стандартына  
I-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі  
Білім және ғылым саласындағы  
бақылау комитетінің төрағасына

кімнен: \_\_\_\_\_

тегі, аты-жөнін көрсету

мекен жайы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ байланыс телефоны

Астана қ. байланыс телефоны

мекеменің телефоны/факсы

Жұмыс немесе оқу орны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Өтініш

Сізден \_\_\_\_\_ мамандығы бойынша көрсету

\_\_\_\_\_ берген көрсету: құжатты  
берген білім беру ұйымы

\_\_\_\_\_ құжатты  
көрсету: аттестат, диплом, куәлік

\_\_\_\_\_ көрсету: тануға, нострификациялауға

Оқыған елі \_\_\_\_\_  
көрсету

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

\_\_\_\_\_  
жеке қолы

\_\_\_\_\_ сенімді өкілдің қолы

\_\_\_\_\_ негізі

\_\_\_\_\_ күні

Ескерту: Өтініш иесі ұсынылған деректердің дұрыстығына жауапты болады.

\_\_\_\_\_

«Білім беру туралы құжаттарды  
тану және нострификациялау»  
мемлекеттік қызмет  
стандартына  
2-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні  
Сапа және тиімділік көрсеткіштері  
Көрсеткіштің нормативтік мәні  
Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні  
Көрсеткіштің есепті жыл бойынша ағымдағы мәні

1  
2  
3  
4

#### 1. Уақтылылығы

1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен белгіленген мерзімде қызметті ұсыну жағдайларының %-ы (үлесі)

1.2. Қызметтің көрсетілуін кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың %-ы (үлесі)

#### 2. Сапасы

2.1 Қызмет көрсету үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)

2.2 Құжаттарды дұрыс рәсімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) %-ы (үлесі)

#### 3. Қолжетімділігі

3.1 Қызмет көрсетудің сапасына және қызмет көрсетудің тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % -ы (үлесі)

3.2 Тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірден тапсырған жағдайлардың %-ы (үлесі)

#### 4. Шағымдану үдерісі

4.1 Қызметтің осы түрі бойынша негізделген шағымдардың қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына %-ы (үлесі)

4.2. Белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың %-ы (үлесі)

4.3. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)

4.4. Шағымдану мерзіміне қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)

#### 5. Сыпайылық

5.1 Қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)

Көрсеткіштер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының бұйрығымен бекітілген, Мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарының көрсеткіштерін анықтау жөніндегі модельдік әдістемелік ұсынымдарға сәйкес есептеледі  
(сайт: [www.kyzmet.kz](http://www.kyzmet.kz))

---

«Білім беру туралы құжаттарды  
тану және нострификациялау»  
мемлекеттік қызмет стандартына  
3-қосымша

Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау жөніндегі басшының және жауапты орындаушылардың байланыс деректері

№

Қызметі

Орналасқан мекен-жайы

Байланыс телефондары

1  
2  
3  
4

1

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің төрағасы  
Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жақ жағалауы, «Министрліктер үйі», Орынбор көшесі, 8-үй, 11-кіреберіс, 919-кабинет. 8 (7172) 74-15-36

2

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талдамалық жұмыс және мониторинг басқармасының бастығы  
Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жақ жағалауы, «Министрліктер үйі», Орынбор көшесі, 8-үй, 11-кіреберіс, 839-кабинет. 8 (7172) 74-24-29

3

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талдамалық жұмыс және мониторинг басқармасының сарапшысы  
Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жақ жағалауы, «Министрліктер үйі», Орынбор көшесі, 8-үй, 11-кіреберіс, 839-кабинет. 8 (7172) 74-24-30

4

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық аккредиттеу орталығының директоры  
Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 16/1, 4-қабат (8-7172) 73-17-40

5

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық аккредиттеу орталығының бөлім бастығы  
Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 16/1, 4-қабат (8-7172) 73-17-4